

ІЛІМНІҢ БҰЛАҒЫ, КЕЛЕШЕКТІҢ ШЫРАҒЫ – ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ТҰРАЛЫ...

өкінішке орай, іске аспай қалған. Төрәқұл Жанұзақов, 1921 жылы ұлтшыл шовинистердің қолынан 28 жасында құрбан болған.

К.Қачибеков бұл екі елдің ардақты ұлдарын айырып қарауға мүмкін еместігін сөз етеді, бірге өсіп, бірге оқып, мемлекеттік қызметте де бірге жұмыс істеген. Қай архивті ашсаң да, екеуінің аттары бірдей шығып отырады. Меркеге бірнеше жолы барып түзем мектебінің құжаттарын қарап және қырғыздың Таласына барып, оларды білген ақсақал аталармен әңгімелесіп, ататегін сұрастырып, ағайын-туыстарына жолығып, көптеген осы күнге дейін белгісіз мәліметтерді жинаған. Одан Әзірбайжан мемлекетіне Баку қаласына барып, олардың басқан ізін қуып барысында істеген зор істерінің көрінісі болған 1920 жылы Бүкіл Дүниелік Шығыс Елдерінің құрылтайы өткен ғимаратын тауып, аралап архивтерінен мәлімдемелерді тауып шыққан. Сөйтіп, олардың басқан іздерімен басып өтуін құрмет санап, ойын іске асырған. Сонымен бірге, ол құрылтайдағы құжаттармен танысып, қажетті стенографиялық отчеттарының көшірмелерін өзімен бірге ала келген. Бишкектегі архивтен Тұрар Рысқұловтың аттестатының түпнұсқасын және басқа да құжаттарды тауып, кітаптың ең негізгі өте маңызды шындығының дәлелі ретінде, көп жылдар бойы ашылмай келген оқиғалардың ақиқатын ашып жазады. Өу бастан қазақ халқына белгілі болса да, қырғыз халқы үшін бұл үлкен жаңалық болды. Сондықтан Құшибек Қачибековтың бұл еңбегі екі ел үшін де зор табыс, рухани байлық болып саналады. Тұрар мен Төрәқұл аталарымыз екі елдің ортасын жақындатып тұрған көпір іспетті және екі елдің бір-бірін қимайтын жақын бауырлар екенін еске салып тұрады. Осы бауырлас екі елдердің ұлдарының өу бастан аса жақындықтарын сезіп, жан аямай еңбектенген автордың да еңбегі зор екенін байқаймыз. Себебі кітаптың көлемі мен ішіндегі жыйған шырқыраған шындықтары адамдардың жан-жүрегін жылытып, ойы мен бойын тазартып шырайына келтіріп, көңілдегі күдіктерді сейілетеді.

Сол бір кезеңдегі қатаң саясаттың кесапатынан жалпы халықтың басына түскен қиыншылықтар өте көп болғаны сонша бірінен арыла електе, үсті - үстіне келген ауыртпашылық бас көтертпей, ақ адал жандардың жүректеріне күдіктерді ұялатқан. Жиырмасыншы жылдары жаңа кеңес өкіметіне қарсы шыққандар деп қуғындаса, отызыншы жылдары репрессия басталып, елдің жағдайының жақсарып, көтерілуіне мүмкіндік берілмеді. Елдің ішінен бас көтеріп шыққан білімді, белсенді ер азаматтарынан айырылып жатты. Сосын коллективизация басталып, мал-мүлкінен айырып, халықты ашаршылыққа душар қылып, жаппай қырылуға алып келгені

қиын болған. Әсіресе, Орта Азия халықтары малмен тіршілік еткендіктен жағдайлары өте қиын болды. Мал-мүліктен ажыраған халықтың қырғыннан қалғаны жан-жаққа шілше тарады. Сол мезгілдегі қырғыз елінің ержүрек ұлы Елбасы Жусуп Абдырахманов жоғарыдан келген бұйрықтан бас тартып, салынған азық-түлік салығынан бас тартып, қырғыз елін ашаршылықтан аман сақтап қалғанын тарихтан біліп отырмыз. Бұйрықтан бас тартып, мал басын жоқ қылмай аман сақтап, еліне ашаршылықтың қағарын көрсетпеген. Елбасы өзі жауапқа тартылса да, елі тоқ, ашаршылықты білмеген де естімеген. Осында оның қазақ халқына да жасаған жақсылығын айтпай кетуге болмайды. Ол Пишпектің айналасына алашықтар тігіп, қазақ жерінен пана іздеп келген елдерің жағдайын жасап, тамақ-аспен қамтамасыз етіп, талай елді ашаршылықтан аман алып қалғаны тарихта жазылып қалды. Сол кездегі қиындықтарды бірге жеңіп, қазақ-қырғыз демей салты мен дәстүрі бір бауырлас елдер болып, тату-тәтті өмір сүріп жатты. Бұл елдер ғасырлар бойы іргелес, үйінің төрін «менікі, сенікі» демей сыйласып өмір сүріп келсе, осыған дейін ешқандай екі елдің арасында шекара болмаған. Олардың келешекке деген мақсаттары мен мұраттары бір, бірге мемлекет түзіп, бірге қоян-қолтық араласып, әдеттегідей бірге өмір сүруінің орайын ойлап келген елдер.

Жазушы бұл кітабында Орта Азия аймағындағы түркітілдес елдердің ғасырлар бойы араласып бірге өмір сүріп келгендігін айқындаған ашы шындықты айғақтайтын маңызды құжаттарды тауып, паш еткенін көреміз. Олардың бірігіп көз қаранды емес егеменді Түркістан мемлекеті болуына бірігіп еңбек еткен әрекеттері мен атқарған мемлекеттік қызметтерін айғақтайтын архивтік мол құжаттары мен фото - суреттерін көріп, шындыққа көзімізді жеткізе аламыз. Сонша мол дәлелді, айғақтарды жинаған автордың өзі айтқандай, әрбір оқиғаның шындығына жету оңай болмағанын байқаймыз. Жазушының табиғи таланты мен жан-жақты біліміне қосымша қажымас қайраты, сабырлы, шыдамды мінезінің жемісі арқасында, 20 жыл бойы тынбай еңбек еткенін айтады. Бұл тарихи шындықтардың айғақтары арқасында қаншама елдердің тарихи оқиғаларының ақиқаты ашылып, нәтижесінде күмәндері сейілдеп, арақатынастары одан да жақындай түсері анық. Себебі шындық қана адамдар арасын жақындатып, бір-біріне деген сый, құрметтерін арттырады емес пе. Әр елдің әр намысы шындалып және рухани дүниесін байытып рухын жоғары көтере ала тұрған рухани тарихи бұлақтар. Сонымен бірге қаншама іліми еңбектердің негізгі бұлағы бола ала тұрған энциклопедиялық зор

көлемдегі еңбек десек жаңылмаймыз. Себебі, бұл еңбекті тек қана тарихи шындық дегеннен бұрын тарихи энциклопедиялық ілім бұлағы қатары қарап, дағы талай іліми еңбектердің негізі боларына күмән жоқ. Олай дегенімнің себебі, ғылыми тәсілдермен сарапталып, көп оқиғалардың мазмұнын, нақты деректерін іліми тәсілдермен зерделеп айқын анықталған және сарапталған. Сонымен бірге, түсіндірмелердің нәтижесін жазуы барысында сол заманның ескі фото-суреттері де келтіріліп, оған да анықтамалар жазылған.

«Өткен тарихын ұмытқан елдің, болашағы бұлдыр» дегендей, ТМД-ның нешен қалаларының архивтерінде шаң-тозаңға көміліп сарғайып жатқан тарих парақтарын сағаттап емес, айлап, жылдап қарап шығуының өзі «Инемен құдық қазғандай немесе саман арасынан ине іздегенге парапар» зор еңбек. Бұл еңбек тиісті бағасын алу керек және ғылыми еңбек қатары да бағаланса әділеттілік болар деген ойдамыз. Кеңес өкіметі кезінде мүмкіндік берілмей, әділетсіз харам пиғылмен көміліп қалған тарихымызды, кез келген мүмкіндіктерді пайдаланып қай мезгілде, қандай жағдай болса да ашуға бел байлап, тер төгіп жатқан тарихшыларымызға елі риза және бабаларымыздың аруағы риза! Ешкімге міндет қылмай өз міндеттерін өздері мойындарына жүктеп, еліміздің өткен өмірлерін археологтар жер алдынан іздеп, жазушылар ТМД-ның әр қалаларының архивтерінен іздеп тауып, сараптап, ақиқаттап жатқаны қуаныш. Бұл «Рухани жаңғыру» жобасының іске асуына қосқан үлестері деп білеміз. Елін, жерін батырлықпен қорғаған бабаларымыздың есепсіз істеген зор істерін, жасаған ерліктерін тауып, сараптап бағасын беріп, тарихтағы өз орнына қойып жатса, тарихшылар да әділ бағасын алуға тиісті деп ойлаймын.

Бұл көлемді тарихи баяндамалар келтірілген кітапты жалғыз қырғыз оқырмандары ғана оқып қоймастан қазақ ғалымдары да оқып, шындыққа көз жеткізіп, көңілдеріндегі кейбір күдіктеріне тарихи нақты деректермен ақиқатына көз жеткізіп үлгерді. Сөзім құр болмау үшін жақында Шымкенттегі М.Әуезов атындағы университетте болып өткен ғылыми конференцияда кітаптың ашылу рәсімінде университеттің ректоры академик Дария Қожамжарованың сөйлеген сөзінде: «Бұл кітап жөн ғана кітап сөреде тұрып қалмайды, біз бұл кітапты оқу құралы ретінде пайдаланамыз. Әсіресе, біздің қазақ елінің ардақты ұлы Тұрар Рысқұловтың бұрын белгісіз болып келген бағалы архивтен табылған құжаттары кітаптан маңызды орын алғаны қуантады, сіздерге үлкен рақмет!» деген жылу пікірлерін білдірген. Сондай тағы қазақ елінің тарих зерттеуші, ғалым академик Мамбет Қойгелдиев былай дейді: «Құшибек інім,

кітабыңды оқыдым. Қырғыз елінің Тұрардай елге ардақты ұлы Төрәқұл Жанұзақовты қазақ елі бұрыннан жақсы таниды, енді бұл еңбегің бәрімізге бірдей ағамыз Төрәқұлды, өмірге қайта қайтарғанға тең еңбек болыпты, қуаныштымыз!» деген лебізін білдірген.

Еліміздің басып өткен тарихын әр жерден сары ізіне түсіп, іздеп тауып, басып жатқан шаң-тозаңнан, алайда ақиқатсыз ілінген айыптарына нақты дәлелдерін тауып ақтап, тазартып тарихтағы өз орнына қойып жатса, әрине, үлкен рақмет дейміз. Қазіргі заманда бұрыннан әділетсіз сылтаулармен айтылмаған еліміз егемендік алғаннан бері қаншама тарихи есімдер қайта жаңарып, екінші өмірге келгендей елінің рухани өмірінің бөксесін толықтырып жатады. Ғалымдардың істеп жатқан істері келешектегі ұрпақтардың ата-тегін, елін, жерін тануға және құрмет тұтуға деген әрекеттері, үлкен жақсылық істер екені анық. Сол үшін де ондай еңбектер өте құнды, рухани құндылықтарымыздың бағасын арттыра түседі. Сондықтан қазіргі заман талабы мен мақсаты бір болғандықтан, ата-бабаларымыздың тарихын жер алдынан қазып, жер үстінен ізін қуып, іздеп жүрген ғалымдардың жаратқан еңбектері келешектің жолын жарық қылған шам секілді, өте құнды рухани дүние. Бұл кітапты жазған Қ.Қачибековтың еңбегі жалғыз осы кітап емес. Егемендік алғаннан бері, тарихшы, шежіре зерттеуші ғалым жолының жауапты, ауыр міндетін мойнына артынып, қолына ұшқыр қаламын ұстап, тар жолдың қаталдығынан қорықпай қайраттанып, бірталай кітаптарды жазып тастаған екен. Жазушы, заманымыздың талабына сай заманауи зор еңбектерді жаратып жатқанда, басқаша айтқанда әрбір кітабының өзі 30-40 былай тұрсын 50-60 баспа табақтан тұрса, мынандай залқар жазушының еңбегін қалай бағасыз қалдыруға болады екен? Еліміздің рухани дүниесін байытып, жоғарғы басқыштарға көтеруге жұмсаған рухани күшінің өзін төменде оқып, өлшеп бағасын бере жатарсыздар. Бұл шығармаларда біздің ата-бабаларымыздың басып өткен өмірінің тұнған тарихы баяндалған.

«Бүргө баатыр», «Әр Солтоной баяны», «Сатыкей баатыр» атты тарихи шығармалардың авторы. «Ақ шербет» дастаны тарихи драма, «Бүргө баатырдың туусу, мөөрү, қабыры Табылда» атты және «Таластын өткен тарихы», «Тарихты тақтап жазсак», «Айрым сол канат урууларының санжырасы», «Қубат бий», «Ажыбек датка», «Мөңкө баатыр», «Туран империясы» және «Қушан империясы» және соңғы кітабы «Төрәқұл Жанұзақов... Түрістан жаңырығы» жөнінде ж.б. жинақтары шыққан.

Қушибек Қачибеков Қырғызстан және Улуттуқ жазуучулар союзуның мүшесі. Қырғыз Республикасының тарихшылар ассоциациясының мүшесі. «Бүргө баатыр» қоғамдық қайырымдылық қорының және еларалық «Алтай – Манас – Талас» қоғамдық бірікмесінің төрағасы.

Анаркан Макмутқызы УСУПОВА,
ілім докторы, дінтанушы,
философ, ақын-жазушы,
Қырғызстан Жазушылар одағының
ардақты мүшесі.